



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

23.02.2021 ж

Атырау қаласы

№ 01-195

город Атырау

**Оқушыларды тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы**

Атырау облыстық Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 10.02.2021 жылғы №3 «Атырау облысындағы шектеу карантиндік шаралары» және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық - дәрігерінің 25.12.2020 жылғы №67 қаулысының 46- қосымшасына сәйкес күшейтілген санитарлық-эпидемияға қарсы, санитарлық - профилактикалық іс-шараларды сақтау туралы қаулысын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте күшейтілген санитарлық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, оқушыларды тамақтандыру жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты, іс-шаралар жоспарын жасақтау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Дильмуханова, А.Карсаковаға тапсырылсын.

2. 1-4 сыныптар бойынша кезекші сыныптар мен қашықтықтан оқитын сыныптардағы оқушыларды және 5-9 сыныптардағы әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушылар бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуге байланысты құжаттарын жинақтау, тізімін жасақтау әлеуметтік педагог Н.Атағазыға тапсырылсын.

3. Мектептегі асхана жұмысын ұйымдастыруда шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің қызметін қайта бастауға қойылатын талаптар басшылыққа алынсын.

4. Мектеп оқушыларын бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуге бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуын жүзеге асыру бас есепші А.Зирашеваға тапсырылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негізі: ҚББ-нің 16.02.2021 жылғы №03-04-01-12/156 санды хаты.

Мектеп директоры

Г. Менешова

Г. Менешова

Жаппасов *А.А.*
Жаппасов *с.д.т.*

000446